


I - Этикалық кодекс

Page 3

II - Мінез-құлық кодексі

Page 15



Этикалық кодекс

Қараша 2020
Нұсқасы 3.0



Біздің борышымыз

Біз пациенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін терапевтік прогреске үлес қосамыз

Біздің құндылықтарымыз



Инновацияларды тайсалмай енгізу



Қамқорлық көрсету



Табысқа ұмтылу



Өзара әрекеттесу арқылы даму

Біздің көзқарасымыз


■ Пациенттерге қамқорлық танытуды және инновацияларды енгізуді біздің қызметіміздің негізі етіп жасау

■ Біздің компанияның басты қозғаушы күші - әрқайсысымыздың және барлығымыздың тартылғандығын дамыту

■ Біздің тәуелсіздігімізге және ұзақ мерзімді инвестициялау мүмкіндігіне кепілдік беру

■ Халықаралық деңгейдегі компания болу

■ Болашақ ұрпақ үшін барлығына сапалы медициналық көмекке кепілдік бере алатын әлем құру



Президенттің үндеуі

Оливье Лоро, "Сервье" компаниялар тобының Президенті

"Сервье" компаниялар тобы - бұл Қор - біздің тәуелсіздігімізді сақтайтын, стратегиялық көзқарасымызды қамтамасыз ететін және өзімізді өз борышымызға, өз мақсатымызға толықтай арнауға мүмкіндік беретін құрылым басқаратын компаниялардың Ххалықаралық фармацевтикалық тобы.

Біздің борышымыздан шабыттанған және біздің көзқарасымыздан бағыт алып отырған біздің жұмыскерлер біздің құндылықтарымызды басшылыққа алады.

Бұл құндылықтар, сондай-ақ жалпы ережелер, тиісті тәжірибелер мен кәсіби принциптер біздің ниеттеріміз бен міндеттемелерімізді айқындайды. Олар біздің өз қызметімізді жүзеге асыратын барлық елдердегі адамдарға және қоғамға құрметпен қарайтынымызға, жауапкершілікпен және адалдықпен әрекет ететінімізге кепілдік береді. **"Сервье" компаниялар тобының этикасы** осында тұрады.

Этика ойларды да, әрекеттерді де қамтиды. Біздің Этикалық кодексте біз пациенттермен және пациенттер ұйымдарымен, денсаулық сақтау мамандары мен ұйымдарымен, қызметкерлермен, серіктестермен, жеткізушілермен және бәсекелестермен, мемлекеттік органдармен, қоғаммен және қоршаған ортамен өзара әрекеттесу кезінде басшылыққа алатын принциптерді біріктірдік.

Осы Этикалық кодекс екі бағытты қамтитын Мінез-құлық кодексімен толықтырылды: **Комплаенс саласындағы саясат** және **Корпоративтік Әлеуметтік Жауапкершілік**.

Біздің барлығымыздың да, әрқайсымыздың да Этикалық кодекс пен Мінез-құлық кодексінің тұрақты сақталуына толық қатысуымыз және ымырасыз көзқарасымыз біздің борышымызды орындау үшін тым маңызды.



Пациенттер және пациенттер ұйымдары

"Сервье" компаниялар тобының борышы пациенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін терапевтік прогреске қосқан үлесімізде тұрады. Зерттеулерге және әзірлеулерге терең тартылғандығы үшін ғылыми және медициналық қауымдастықта танылған "Сервье" компаниялар тобы пациенттерді емдеу және күту бойынша инновациялық терапевтік шешімдерді ашуға ұмтылады. Біз пациенттерге емдеудің ең оңтайлы нұсқаларын ұсыну үшін олармен сенімді қарым-қатынас орнатамыз.

- Біз пациенттердің мүдделері біздің өнімдеріміз бен қызметтеріміздің өмірлік циклінің әр кезеңінде ескерілетініне сендіреміз. Біздің дәрілік препараттарды қабылдайтын пациенттер үшін, сондай-ақ денсаулық сақтау мамандары үшін біз дәрілік препараттарымыздың қолданылатын нормалар мен ережелерге сәйкестігін қамтамасыз етеміз, сондай-ақ әрқайсысына қауіпсіз және жоғары сапалы өнімге тұрақты және үздіксіз қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында оларды жеткізу шарттарына кепілдік береміз.
- Біз өз қызметімізді жүзеге асыратын әрбір елде "Сервье" компаниялар тобының препараттарын пайдалана отырып емделіп жатқан барлық пациенттердің тиімділіктің, сапаның және қауіпсіздіктің бірдей жоғары деңгейіне қол жеткізуі үшін барлық ықтимал сақтық шараларын қолданамыз. Біз сондай-ақ препараттарымызды қауіпсіз пайдалануға қатысты кез келген ақпаратқа тұрақты мониторинг жүргіземіз.
- Осыған байланысты пациенттердің денсаулығына барлық ықтимал қауіптерді болдырмауға тырысу үшін біз жалған және контрафактілік дәрі-дәрмектердің таралуымен күресіп жатырмыз. Біз күдікті өнімдерді анықтау бойынша бағдарламалар мен шараларды іске асыруға және пайдалануға белсенді қатысамыз.
- Біз клиникалық зерттеулеріміздің этикаға сәйкестігін және ашықтығын қадағалаймыз.
- Біз жеке тұлғаның қадір-қасиетін және жеке өмірге қол сұғылмаушылықты жоғары бағалаймыз, сондай-ақ біздің қарамағымыздағы дербес деректер мен құпия ақпараттың тиісті қорғалуына кепілдік береміз.



- Қолданыстағы нормалар мен ережелерді сақтай отырып, біз "Сервье" компаниялар тобының барлық препараттары мен қызметі туралы ғылыми білімімізге сәйкес нақты және өзекті мәліметтерді сенімді түрде ұсынуға тырысамыз.
- Біз пациенттерге мұқият және қол жетімді болу үшін барлық ықтимал шараларды қабылдаймыз, сондай-ақ олармен сындарлы диалог жүргізуге ықпал етеміз.
- Біз өз ниеттеріміз бен іс-әрекеттеріміздің дәйектілігін қамтамасыз етуге ұмтылысымызда пациенттер ұйымдарымен біргеміз. Біз пациенттер ұйымдарымен адал және ашықтықты қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерге қатаң сәйкестікте өзара іс-қимыл жасаймыз.
- Біз пациенттер ұйымдарына бере алатын қаржыландыру заңды болып табылады және қолданыстағы нормалар мен ережелерге сәйкес келеді. Біз сыбайлас жемқорлықтың немесе алаяқтықтың кез келген түріне қарсы тұрамыз.
- Біз пациенттер ұйымдарымен бөлісетін ақпарат дәл, түсінікті және өзекті болып табылады, сонымен қатар біздің ғылыми мәліметтерімізге сәйкес келеді. Біз мүдделі тұлғаларға сыртқы ақпаратқа мұндай қол жетімділікке рұқсат етілген жағдайда ғана қол жетімділік береміз.



Денсаулық сақтау мамандары мен ұйымдары

"Сервье" компаниялар тобын борышын жүзеге асыру денсаулық сақтау жүйесіне тартылған барлық тараптармен мүдделер қақтығысынсыз ынтымақтастық пен сенімді қатынастарға байланысты. Біз қызмет етіп жүрген салаға қатысты этикалық, құқықтық және кәсіби ережелер мен қағидаттарды іске асыруға және қатаң сақтауға тырысамыз.

- Біз өз қызметімізді жүзеге асыруда және денсаулық сақтау мамандарымен және ұйымдарымен қарым-қатынасымызда адалдық танытамыз: біз сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың кез келген түріне үзілді-кесілді қарсымыз.
- Біз қарамағымыздағы кез келген дербес деректер мен құпия ақпаратты қорғауға кепілдік береміз.
- Біз денсаулық сақтау мамандарымен және ұйымдарымен өзара әрекеттесуімізді реттейтін нормалар мен ережелерді сақтаймыз.
- Біз өз өнімдеріміз бен қызметіміз, әсіресе клиникалық зерттеулеріміз туралы толығымен сенімді ақпарат береміз. Біз сондай-ақ препараттарды тарату мен жылжытуға жауапкершілікпен қараймыз.

- Мамандармен және денсаулық сақтау ұйымдарымен өзара әрекеттесу кезінде біз олардың тәуелсіздігін құрметтейміз. Біз олардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне әсер етпейміз.
- Біздің өзара іс-қимылымыз пациентке назарын аударылатын ынтымақтастықты құру үшін проактивті тәсілге негізделген. Бұл ретте біз кез келген мүдделер қақтығысын болдырмауға тырысамыз.
- Біздің препараттарымыздың тиімділігі, сапасы мен қауіпсіздігі инновациялық болып табылатын және денсаулық сақтау мамандары мен ұйымдарының қажеттіліктеріне бейімделген шешімдерді ұсынуға деген тұрақты ұмтылысымызда өте маңызды.
- Біз олардың сұрауларына барынша мұқият болу үшін және сындарлы диалог құруға көмектесу үшін бар күшімізді саламыз.

Қызметкерлер

"Сервье" компаниялар тобының борышын жүзеге асыру сонымен қатар Компаниядағы әр қызметкердің дамуына байланысты. Қызметкерлердің дамуы әр адамның қадір-қасиетін құрметтеуге және оның қабілеттерін ашуға негізделген. Біз кәсіби қызметімізде адалдық пен жоғары стандарттарға берілгендікті көрсетеміз.

Біздің міндеттерімізді терең түсінуге өзін "Сервье" компаниялар тобының өкілі ретінде тану және әрбір қызметкердің біз сақтап тұрған заңды ережелер мен құндылықтарды қабылдауы ықпал етеді.

- Біздің команданың қауіпсіздігі мен денсаулығы өте маңызды. Біздің жұмыс әдістеріміз бен қызметіміз белгіленген басымдықтарға сәйкес жақсы ойластырылған және ұйымдастырылған еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған. Біз әркім өз қауіпсіздігі мен басқа адамдардың қауіпсіздігі үшін жауап беретін мәдениетті қалыптастырамыз.
- Біз жұмыс уақытында өмір сүру сапасына ерекше назар аударамыз. Біз қызметкерлерге қысымның, кемсітушіліктің кез келген түрінен немесе жеке өмірге қол сұғылмаушылықты бұзатын кез келген әрекеттерден бос, жайлы жағдайда дамуларына көпілдік береміз.
- Біз дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етеміз және қызметкерлерге қатысты ақпараттың құпиялылығын құрметтейміз. Бұл міндеттемелер бізге қосылғысы келетін кандидаттарға да қолданылады.
- Біз әртүрлі мәдениеттер арасындағы өзара алмасуды, гендерлік теңдікті және тең мүмкіндіктерді қолдаймыз. Біз әртүрлілік компанияны және әрқайсымызды жеке байытады деп санаймыз. Жұмысқа қабылдау кезеңінен бастап біз кемсітушіліктің кез келген түрінен аулақ бола отырып, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саясатымызды ұстанамыз.
- Біз қызметкерлерді қорғауды және оларға құрмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін ашық және үздіксіз әлеуметтік диалог жүргізуді қолдаймыз.
- Біз бірлескен қызмет ету үшін қолайлы жағдайларда ұжымда дамуға деген ұмтылысты ынталандыратын жеке тұлғаны құрметтеудің маңыздылығымен бөлісеміз. Бұл тәсіл әр қызметкердің жұмысында да, жеке өмірінде де дамуына ықпал етеді.
- Біз әрбір қызметкердің кәсіби дамуын қолдау және жеделдету үшін компания ішінде оқу мен даму үшін әртүрлі мүмкіндіктерді ұсынамыз.
- Біз ортақ игілікке баратын ынтымақтастықтың барлық мүмкіндіктерін қолдаймыз. Біз кім болсақ та, қай жерде болсақ та, жеке және ұжымдық үлес қосу арқылы бірге өсіп, өзара байып келеміз. Біз сондай-ақ табысқа жету мүмкіндігімізді арттыру үшін тәжірибе, дағдылар және білім алмасуды көтермелейміз.
- Біз қызметкерлерді өз дарындарын ашуға және жетілдіруге шабыттандыруға ерекше назар аударамыз. Біз өз қызметкерлерімізге әр қызметкердің естілуге және өз тәжірибелері мен білімдерімен бөлісуге мүмкіндігі бар қолдау атмосферасында жаңа ашылуларға қабілеттерін дамытуды ұсынамыз.
- Біздің кәсіби қызметіміздің барлық салаларында қызметкерлер маңызды рөл атқарады. Осылайша, біз дербестілікке, шешім қабылдау қабілетіне және әркімнің өз жауапкершілігін сезінуіне ықпал ете отырып, барлық деңгейлерде жәрдемдесеміз және бастамашылықты дамытамыз. Біздің басқару әдістеріміз дербес және ұжымдық жұмысқа ықпал етеді.
- Сервье компаниялар тобының табысы мен орнықты дамуы біз өз жұмысымызда ұстанатын жоғары сапа стандарттарын адал сақтау үшін әрқайсысымыздың қосқан үлесі мен жауапкершілігіне байланысты. Біз Этикалық кодексіміздің және Мінез-құлық кодексіміздің тиісті түрде қолданылуын қолдау тетіктері мен хабарландыру жүйелерінің көмегімен қадағалаймыз.





Серіктестер, жеткізушілер және бәсекелестер

"Сервье" компаниялар тобы өз серіктестеріне қатысты бизнесті этикалық жүргізу үшін бар күшін салуда.

Біз кәсіби және коммерциялық өзара іс-қимыл шеңберінде адалдық, әділдік және бейілділік принциптерін басшылыққа аламыз. Біз орнатып жүрген серіктестік қатынастар инновациялық қызметке жәрдемдесу үшін медициналық зерттеулер мен прогреске қатысатын барлық мүдделі тұлғалармен үздіксіз байланысты қолдауға деген ұмтылысымыздың мысалы болып табылады.

- Біздің өнімдерімізге қатысты зерттеулер, әзірлемелер, өндіріс, дистрибуция және ақпараттандыру сапаны бақылау мен есепке алуға қойылатын халықаралық талаптарына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылатынына кепілдік береміз.
- Біз бүкіл қызметімізде, әсіресе сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы күресте дәйектілік пен бірбеткейлікті көрсетеміз. Біз кез-келген мүдделер қақтығысын тоқтатамыз: біз жеке мүдделеріміз "Сервье" компаниялар тобының мүдделеріне қайшы келетін немесе қарама-қайшы болып көрінетін кез-келген жағдайдан аулақ боламыз.
- Біз өз өнімдеріміз бен қызметтерімізге қатысты зияткерлік меншік құқықтарының сақталуын, сондай-ақ құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз ете отырып, өз зерттеулеріміз бен әзірлемелеріміздің нәтижелерін бағалаймыз.

- Біз ғылыми орталықтарымыз бен серіктестеріміз жүзеге асыратын жобаларға қомақты қаражат сала отырып, жоғары сапалы халықаралық зерттеулерге қатысамыз. Бұл жобалар ғылыми білім мен тәжірибені дамыту мен алмасуға қатысты ұзақ мерзімді пайымды іске асыруға мүмкіндік береді.
- Біздің серіктестеріміз бен жеткізушілеріміздің қызметкерлерінің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау да басымдыққа ие. Біз ашық және үздіксіз түрде әлеуметтік диалог жүргізетін, әртүрлілікті, гендерлік теңдікті және тең мүмкіндіктерді ынталандыратын, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауды жақтайтын компаниялармен серіктестік қатынастарды бағалаймыз.
- Біз сатып алуды ұйымдастыруға жауаппен қарауға ұстанамыз және жеткізушілерімізді олардың этикалық принциптері мен комплаенс принциптерін ескере отырып таңдауға тырысамыз. Біздің олармен қарым-қатынасымыз жауапкершілік қағидаты негізінде құрылады. Біз жеткізушілеріміздің әлеуметтік жауапкершілікті дамыту және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша өз жоспарлары бар екеніне көз жеткіземіз. Біз сондай-ақ бәсекелестікті инновацияның және кеңірек мәнінде корпоративтік дамудың қозғаушы күші ретінде мойындаймыз.
- Біз заң шеңберінде адал бәсекелестік үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеміз.

Мемлекеттік органдар

"Сервье" компаниялар тобы адалдық, тәуелсіздік және ашықтық қағидаттарына сүйене отырып, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманы сақтай отырып, мемлекеттік және реттеуші органдармен өзара қарым-қатынас орнатады. Әлемнің қай елінде жұмыс істесек те, біз өз саламызды реттейтін этикалық және кәсіби нормаларды құрметтеуге өте мұқият қараймыз. Біз зерттеу жобаларымыздың алғашқы кезеңдерінен бастап және біздің өнімдерді әзірлеу процесі бойы әр кезеңде оларды енгізуді және орындауды қамтамасыз етеміз.

- Біз қолданыстағы заңдар мен нормаларды, халықаралық санкцияларды және кез келген қолданылатын шектеу шараларын немесе эмбаргоны ұстануға тырысамыз.

- Біз адал әрекет етеміз және сыбайлас жемқорлықтың немесе алаяқтықтың кез келген түріне жол бермейміз.

Біз "Сервье" компаниялар тобының мүдделері мен өздерінің лауазымдық міндеттерін орындайтын тұлғалардың мүдделері арасында туындауы мүмкін кез келген қақтығыстардың алдын алу үшін бар күшімізді саламыз.

- Біз қаржылық есептілік бойынша барлық міндеттемелерімізді орындаймыз.

- Біз құзыретті органдарға қолданыстағы заңнамаға және нормаларға сәйкес талап етілетін ақпаратты біздің қызметімізге және өнімдерімізге қатысты өтініштер, сұраулар немесе есептілік нысанында хабарлауға міндеттенеміз.

- Біз осы Этикалық кодекстің тиісті түрде қолданылуын қажетті қолдау тетіктері мен хабарлау жүйелерінің көмегімен қамтамасыз етеміз.





Қоғам және қоршаған орта

Біз инновацияларды ілгерілету және тұрақты болашақты қалыптастыру үшін пациенттермен, денсаулық сақтау мамандарымен және ұйымдарымен, қызметкерлерімізбен, серіктестерімізбен, жеткізушілерімізбен, бәсекелестерімізбен және мемлекеттік органдармен үнемі сенімді қарым-қатынасты дамытуға тырысамыз. Біз жауапты компания болып табыламыз және қоршаған ортаны қорғауды қолдаймыз.

- Біз энергия мен табиғи ресурстарды тұтынуымызды бақылау және азайту, сондай-ақ парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша бақылау шаралары мен іс-қимыл жоспарын енгіземіз және қолданамыз.
- Біз "Сервье" компаниялар тобы өз қызметін жүзеге асыратын барлық елдерде зауыттарымыздың да, өнімдеріміздің де қоршаған ортаға (қалдықтар мен шығарындыларды реттеу) кез келген әсерін белсенді түрде азайтамыз.
- Біз өніміміздің бүкіл өмірлік циклі ішінде оның қоршаған ортаға әсерін азайту үшін өнімімізді өзірлеу кезінде әлеуметтік және экологиялық көрсеткіштерді ескереміз.
- Біз медициналық көмекке кең қолжетімділікті дамытуға қатысамыз.
- Біз өз қызметіміздегі жоғары кәсібиліктің және қоғам алдындағы барлық міндеттемелерімізді сақтаудың арқасында біз жұмыс істейтін барлық елдерде дамуға өз үлесімізді қосуға ниеттіміз. Біз қызмет етіп жүрген елдерде мүдделі тұлғалармен бірлескен жобаларды іске асырамыз және жергілікті экономикалық және әлеуметтік дамуға ықпал ететін бастамаларды, оның ішінде азаматтық қоғам өкілдері ұсынған жобаларды қаржыландыру арқылы қолдаймыз.
- Қайырымдылық белсенділігі арқылы жүзеге асырылатын біздің әлеуметтік жауапкершілік саясатымыз үш негізгі бағытты қамтиды: денсаулық сақтауды, білім беруді және оқытуды, қоршаған ортаны және өмір сапасын.
- Біз инновациялық ғылыми жобаларды қолдайтын ғылыми стипендияларды, гранттар мен сыйлықақыларды қаржыландыруға үлес қосамыз.

Қолдану әдістері

Осы Этикалық кодекс, сондай-ақ Мінез-құлық кодексі кәсіби саласына немесе жауапкершілік деңгейіне қарамастан, "Сервье" компаниялар тобының барлық қызметкерлерінің мінез-құлық нормаларын белгілей отырып, бағдар ретінде қызмет етеді.

Әрбір қызметкер кодекстерді тиісті түрде қолдану үшін олардың мәнін білуі және түсінуі керек екендігімен қатар, этика "Сервье" компаниялар тобының ішіндегі басқару негізін анықтауы керек.

Этика мәселелері жөніндегі Комитет қызметкерлерге Этикалық кодексті және Мінез-құлық кодексін қолдануда жәрдем және қолдау көрсетеді.

Осы мақсатта Этика мәселелері жөніндегі Комитет Этикалық кодекс пен Мінез-құлық кодексінде белгіленген құндылықтар мен принциптерге қатысты маңызды және нақты түсініктемелер береді.

Этика мәселелері жөніндегі Комитет Этикалық кодексте және Мінез-құлық кодексінде көрсетілген басшылық қағидаттарды нақтылауға және толықтыруға арналған бірқатар рәсімдер мен нұсқаулықтарды дайындайды және ұсынады. Бұл рәсімдер мен нұсқаулықтар осы құжаттардың ажырамас бөлігін құрайды және оларды барлық қызметкерлер сақтауы керек.

Этика мәселелері жөніндегі Комитет сонымен қатар Этикалық кодекс пен Мінез-құлық кодексін, сондай-ақ оларға байланысты кез келген рәсімдер мен принциптерді тиісті түрде орындауға жауапты.

Мінез-құлық кодексінде көрсетілген рәсімге сәйкес, әрбір Қызметкер өз міндеттерін орындау шеңберінде тап болатын, Этикалық кодекс пен Мінез-құлық кодексінің сақталуына байланысты мәселелер туралы хабарлай алады.

Туындаған сұрақтарды тікелей басшыға тікелей қоюға болады. Мұндай сұрақтар сенімгерлік диалог шарттарында тыңдалады және құпия қаралады.

Қызметкерлер этика мәселелері бойынша арнайы құрылған құлақтандыру жүйесін - компанияда әрекет ететін "жедел желіні" келесі сілтеме бойынша пайдалана алады: <https://app.whispli.fr/Servier-Ethics-Line>

Осы байланыс арналары арқылы берілетін ақпарат пен мәселелер жергілікті заңнамаға сәйкес әр елде қолданылатын "Сервье" компаниялар тобының этикасы мәселелері бойынша ақпараттандыру саясатына сәйкес құпия түрде өңделеді.



Servier

50 rue Carnot - 92284 Suresnes cedex - France
www.servier.com

Қараша 2020
 Нұсқасы 3.0





Мінез-құлық кодексі

- Комплаенс Саясаты
- Корпоративтік Әлеуметтік жауапкершілік

Қараша 2020
Нұсқасы 2.0



Біздің Мінез-құлық Кодексі

ӘРКІМ ҰСТАНУЫ КЕРЕК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

Осы Мінез-құлық кодексі "Сервье" компаниялар тобының Этикалық кодексінің бөлігі болып табылады. Ол "Сервье" компаниялар тобына ортақ болып табылатын және "Сервье" компаниялар тобында немесе оның атынан жұмыс істейтін барлық қызметкерлер мен тұлғаларға қатысты қолданылатын мінез-құлық принциптерін айқындайды. Бұл мінез-құлық принциптері "Сервье" тобының барлық компанияларына таратылады және біздің Қызметкерлермен және біздің барлық мүдделі тұлғалармен (пациенттермен, серіктестермен, денсаулық сақтау ұйымдарымен және т.б.) сенімді қарым-қатынасты сақтау үшін барлық деңгейлерде қолданылады.

Әрбір қызметкер өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде біздің Мінез-құлық кодексін сақтауға міндеттенеді және бұл үшін осы ережелерді түсінуі, қабылдауы және қолдануы тиіс. Әрбір қызметкердің осы Мінез-құлық кодексін сақтауы, сондай-ақ сақтауға деген ұмтылысы, сонымен қатар оның негізінде жатқан принциптерді ілгерілету адал мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді және ұзақ мерзімді табыстың факторлары болып табылады.

Бұл құжат "Сервье" компаниялар тобында немесе оның атынан жұмыс істейтін әрбір қызметкерге және өзге де тұлғаларға қағидаттарды, заңдар мен ережелерді, сондай-ақ "Сервье" компаниялар тобында қолданылатын саясаттар мен рәсімдерді кез келген сақтамаудың салдарын алдын алу, анықтау және жеңілдету үшін адалдықтың ең жоғары стандарттарына сәйкес әрекет етуге көмектесу үшін жасалған. Әрбір қызметкер біздің Компанияның беделіне әсер ететін және пациенттер мен мүдделі тараптардың бізге деген сенім дәрежесін анықтайтын өз әрекеттері үшін жауап береді.

Бұл Мінез-құлық кодексі қолданыстағы жергілікті заңдар мен ережелерді алмастырмайды, олар бұрынғыдай барлық жағдайларда қолданылады. Мінез-құлық кодексі мен жергілікті заңдар мен ережелер арасында қайшылық болған жағдайда, біз адалдықтың ең жоғары стандарттарын ұстануға тырысамыз.

Міндеттеріне Sapin II Француз заңының орындалуын бақылау кіретін Француз Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Агенттігінің (FAA) ұсынымдарына сәйкес, бұл Мінез-құлық кодексінде тыйым салынуы тиіс жағдайлар мен мінез-құлықты бейнелейтін мысалдар бар.

Мінез-құлық кодексінде көрсетілген мінез-құлық принциптері біздің Комплаенс ережелерімізді, сондай-ақ Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ) басшылық принциптерін қамтиды.

Осы Мінез-құлық кодексінің ережелеріне кез келген сәйкессіздік "Сервье" компаниялар тобының Ішкі Ережелеріне сәйкес немесе "Сервье" компаниялар тобына кіретін заңды тұлғаның елінің еңбек заңнамасының қолданыстағы ережелеріне сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартуға әкеп соғуы мүмкін.

Бұл Мінез-құлық кодексі оны нормативтік, экономикалық немесе ұйымдастырушылық өзгерістерге, сондай-ақ біздің саладан күтілетін кәсіби кодекстер мен этикалық стандарттарға сәйкес келтіру мақсатында үнемі қайта қаралатын болады.

Анықтамалар

Топ

"Сервье" компаниялар тобының барлық заңды тұлғалары, олардың ұйымдық-құқықтық нысанына (еншілес компаниялары немесе өкілдіктері) және қызметіне (зерттеулер мен әзірлемелер, өндіріс, жылжыту және т.б.) немесе олар орналасқан елге қарамастан.

Қызметкер

Компания Қызметкері.
Осы Мінез-құлық кодексі келісімшарт түріне қарамастан (қызмет көрсететін жеке тұлғалар, уақытша персонал, тағылымдамадан өтушілер, консультанттар және т. б.) "Сервье" тобы компанияларының бірінде жұмыс істейтін барлық адамдарға да назарға жеткізілуі және қолданылуы тиіс.

Іскерлік серіктес

Іскерлік серіктес - "Сервье" компаниялар тобының мүдделеріне байланысты кәсіби қызметті жүзеге асыру мақсатында "Сервье" тобының компаниясымен шарт жасасқан үшінші тарап (жеке немесе заңды тұлға).

Мазмұны

■ ■ Заңдарды, ережелерді және кәсіби кодекстерді сақтау	5
■ ■ Денсаулық сақтау мамандарымен және ұйымдарымен қарым-қатынас	6
■ ■ Пациенттер ұйымдарымен қарым-қатынас	7
■ ■ Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және әсерді теріс пайдалану	8
■ ■ Мүдделер қақтығысының алдын алу	10
■ ■ Ақпарат және жылжыту	11
■ ■ Бәсекелестік ережелерін сақтау	12
■ ■ Дербес деректерді қорғау	13
■ ■ Біздің серіктестермен қарым-қатынас	14
■ ■ Мемлекеттік органдармен қарым-қатынас	15
■ ■ Халықаралық санкциялар мен эмбарголарды сақтау	16
■ ■ Қаржылық сенімділік	17
■ ■ Бұзушылық туралы хабарлау жүйесі	18

Заңдарды, ережелерді және кәсіби кодекстерді сақтау

Біз жергілікті, өңірлік, ұлттық және халықаралық деңгейлерде біздің қызмет саласына қолданылатын ережелерге (кәсіптік кодекстер, заңдар мен нормативтік актілер) қатаң сәйкес **жұмыс істейміз**.


Біз өз қызметімізді біз қызмет ітеп жүрген барлық елдерде адалдықтың жоғары стандарттарын сақтай отырып жүзеге асыруға міндеттенеміз.

Біз құқықтық қағидаттарға сәйкес келмейтін қандай да бір қызметке қатыспаймыз. Құқықтық қағидаттарды сақтамау Компанияға да, оның Қызметкерлеріне де қатысты құқықтық және қаржылық санкцияларға, сондай-ақ азаматтық немесе қылмыстық қудалауға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, бұл "Сервье" компаниялар тобының беделіне нұқсан келтіруі мүмкін.

Іс жүзінде

С: Мен Франциядағы "Сервье" компаниялар тобында жұмыс істеймін. Менің кәсіби қызметіме байланысты мен басқа елдермен қарым-қатынас жасасам да, тек француз заңнамасын ұстануым керек пе?

Ж: Бұл толығымен дұрыс емес. Біз өз қызметімізді жүзеге асыратын барлық елдерде қолданылатын заңдар мен кодекстерді назарға алу қажет. Кейбір елдерде заңдар "аумақтан тыс" сипатқа ие, яғни олардың қолданылу аясы мемлекеттер шекарасынан асып түседі. Мысалы, АҚШ-тың шетелдегі сыбайлас жемқорлық туралы заңына, Ұлыбританияның парақорлық туралы заңына немесе Францияда қолданылатын Sapin II заңына қатысты осы эксаумақтылық қағидатын ескере отырып, сіз тұратын елге қолданылатын заңнаманы ғана ескеру қажет емес. Шетелде жүрген адамдармен немесе ұйымдармен өзара әрекеттесу жағдайында олар жұмыс істейтін елдің заңнамасын да, өзара әрекеттесетін елдің заңнамасын да ескеру қажет.



Денсаулық сақтау мамандарымен және ұйымдарымен қарым-қатынас

Біз қызметіне немесе қабылдаған шешімдеріне әсер етпестен өзара әрекеттесетін денсаулық сақтау мамандарының (ДМ) және денсаулық сақтау ұйымдарының (ДҰ) тәуелсіздігін құрметтеуге тырысамыз.

ДМ немесе ДҰ сараптамасын пайдалану талап етілетін жағдайларда біз көрсетілетін қызметтер мен қажетті құжаттардың тізбесін қамтитын шарт жасасу арқылы ынтымақтастық шарттарын ресімдейміз.

ДМ немесе ДҰ-мен өзара іс-қимыл заң шеңберінде жүргізілуі және ғылыми, медициналық немесе жарнамалық тұрғыдан негізделуі тиіс. ДМ таңдау заң талаптарына сәйкес сарапшы ретінде ДҰ біліктілігі мен құзыретін ескеретін объективті критерийлерге сәйкес жүзеге асырылады.

Біз ДМ немесе ДҰ көрсеткен қызметтер үшін сыйақының ақылға қонымды болғанына және осындай қызметтердің нарықтық құнымен салыстырылатынына көз жеткіземіз.

Қонақжайлылық шығындары қаржыландырылған жағдайда, олар қолданыстағы ережелер мен заңдарға сәйкес келуі керек. Біз әрқашан қонақжайлылық шығындарының ақылға қонымды деңгейде заңды, құжатталған қажеттіліктерге сәйкес келетініне көз жеткіземіз және төлемді іс-шараны ұйымдастыру үшін таңдалған қызметтер жеткізушілері тікелей жүзеге асыратынын қадағалаймыз. ДМ-ын ғылыми іс-шараларға шақырған кезде біз ДМ қызметін жүзеге асыратын елде де, іс-шараны өткізетін елде де қолданылатын заңдарды, ережелер мен кодекстерді сақтауға міндеттенеміз.

Біз өзара іс-қимылымызға байланысты ДМ немесе ДҰ құндылықтарын беру туралы ақпаратты ашуды реттейтін салалық нормаларды сақтаймыз.

Іс жүзінде

С: Мен медициналық өкіл болып жұмыс істеймін, және менің соңғы рет келген кезімде дәрігер маған "Сервье" компаниялар тобының препаратына рецепт жазу тәсілін қонақжайлылық шығындарын төлей отырып, оның конгреске қатысуын тіркеудің, сондай-ақ оның жұбайын шақыруға айырбасқа қайта қарай алатынын айтты. Мен мұндай ұсынысты қабылдай аламын ба?

Ж: Жоқ. "Сервье" компаниялар тобы кез-келген ДМ-ға оның шешімдерінің объективтілігі мен тәуелсіздігіне әсер етуі мүмкін кез-келген құндылықтарды ұсынуға қатаң тыйым салады. Бұл жағдайда аталған қызмет заңсыз сыйлық ретінде бағаланады.

Пациенттер ұйымдарымен қарым-қатынас

Біз адалдық, өзара сыйластық және ашықтық принциптерін басшылыққа ала отырып, пациенттермен және пациенттер ұйымдарымен қарым-қатынас жасаймыз.

Біз олардың шешімдеріне немесе қызметіне әсер етпей, олардың тәуелсіздігін сақтауға тырысамыз. Біздің жалғыз мақсатымыз – пациентке медициналық көмек көрсетуге үлесімізді қосу.

Заңнамаға сәйкес біздің өзара әрекеттесуімізді негіздеу үшін біз жазбаша келісімге қол қою арқылы пациенттер ұйымдарымен қарым-қатынасты рәсімдейміз. Мұндай келісімнің мақсаты белгілі бір пациентке көмектесу болып табылады.

Гранттар мен қайырымдылықтар пациенттер мен пациенттер ұйымдарының өтініші бойынша берілуі мүмкін, бірақ олар біздің дәрілік препараттарымызды ұсыну немесе тағайындау үшін ынталандырушы фактор болмауы керек.

Көрсетілген қызметтер үшін сыйақы ретінде ұсынылуы мүмкін кез келген өтемақы төлемдері ақылға қонымды болуы, көрсетілген қызметтердің нарықтық құнына сәйкес келуі және препараттарды ілгерілету мақсатында жүргізілмеуі тиіс.

Ғылыми іс-шараларды біздің бастамамыз бойынша немесе үшінші тұлғалар ұйымдастырған жағдайда, біз қонақжайлылық шығындарын осындай төлем үшін заң талаптарына сәйкес негіздеме берген жағдайда төлей аламыз.

Біз пациенттермен немесе пациенттер ұйымдарымен алмасатын ақпаратта ауруларға, өмір сапасы мәселелеріне қатысты мәліметтер, сондай-ақ қол жетімді терапевтік емдеу әдістері туралы өлшенген және объективті ақпарат бар. Дәрілік препараттар туралы ақпарат жылжыту форматында емес, нақты деректер форматында ұсынылуы тиіс.

Іс жүзінде

С: Мен "Сервье" компаниялар тобының медициналық бөлімінде жұмыс істеймін. Маған қызметін жүзеге асыру үшін қайырымдылық беруді ұсынатын пациенттер ұйымы хабарласты. Өз кезегінде, маған "Сервье" компаниялар тобының өнімдерін ілгерілету мақсатында осы қауымдастықтан хабарлама жіберу мүмкіндігіне ие болатынымызға кепілдік беріледі.

Ж: Пациенттер ұйымдары әрқашан тәуелсіздігін сақтауы керек. "Сервье" компаниялар тобының пациенттер ұйымдарына қатысты қызметі риясыз болып қала беруі тиіс. Оны біздің тауарлар және оларды пайдалану туралы кез-келген хабарламаға әсер ететіндей етіп жүргізуге болмайды. Пациенттік ұйымдармен өзара іс-қимыл ашық болып қалуы және қолданыстағы талаптарға сәйкес декларациялануы тиіс.



Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және әсерді теріс пайдалану

Сыбайлас жемқорлық белгілі бір лауазымды атқаратын тұлға, ол мемлекеттік немесе жеке секторда болсын, оның міндеттеріне тікелей немесе жанама түрде кіретін кез келген әрекетті жүзеге асыру, кейінге қалдыру немесе орындамау орнына сыйақы ұсынысын немесе уәдесін алуға немесе қабылдауға ұмтылатын әрекет ретінде анықталады. Сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне мемлекеттік қызметшіге өзінің қызметтік міндеттеріне қатысты іс-әрекеттерді орындау үшін төленетін және төлеуші орындалуын күтуге құқылы шағын сомалар болып табылатын формалдылықты жеңілдету төлемдері деп аталатын төлемдер жатады.

Осы Мінез-құлық кодексіне сәйкес ықпалды теріс пайдалану Францияда, шетелде немесе көпшілік халықаралық ұйымда лауазымды тұлғадан, жекеменшік немесе мемлекеттік ұйымнан (билік органының өкілінен, мемлекеттік қызметтегі тұлғадан немесе сайланбалы лауазымды тұлғадан) ұсынып тұрған немесе кез келген басқа тұлғаның пайдасына заңсыз артықшылықты алу мақсатында нақты немесе болжамды ықпал көрсетуге айырбасқа заңсыз артықшылықты ұсыну немесе бопсалау ретінде айқындалады.

"Сервье" компаниялар тобы мемлекеттік немесе жекеменшік салаларда болсын, белсенді немесе пассивті, тікелей немесе жанама нысандарда болсын, сыбайлас жемқорлықтың немесе ықпалды теріс пайдаланудың кез келген нысандарына қатысты нөлдік төзімділік саясатын жүзеге асырады. Осылайша, "Сервье" тобының компаниясы төлейтін ақшалай қаражаттың қатысуымен делдалдар арқылы сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандары сыбайлас жемқорлық әрекеттері санатына жатады.

Біз өз Қызметкерлерімізден мемлекеттік қызметшілерге, мемлекеттік билік органдарына немесе іскерлік серіктестерге, сондай-ақ Қызметкердің өзіне әсер ету мақсатында коммерциялық немесе кез келген басқа пайданы алу немесе сақтау үшін заңсыз артықшылықтарды (мысалы, қолма-қол ақша, сыйлықтар, жеңілдіктер, құндылықтар және т. б.) ешбір жағдайда ұсынбауды, бермеуді және қабылдамауды талап етеміз.

Сыбайлас жемқорлық пен ықпалды теріс пайдалану көптеген елдерде қылмыстық құқық бұзушылық болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу қатаң жазалау шараларын қарастырады және ірі айыппұлдар мен түрмеге қамауға әкелуі мүмкін. Ол сонымен қатар Компанияның экономикалық жағдайына да, оның беделіне де ауыр салдар тигізеді. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері нарықтың жұмысын бұзады және пациенттерімізге зиян келтіреді.

Қызметкерлер тіпті ниеттің де маңызы бар екенін түсінуі керек. Сыбайлас жемқорлық фактісі сыбайлас жемқорлық сипатындағы тиісті ұсыныс қабылданбаған жағдайда да анықталуы мүмкін, өйткені сыбайлас жемқорлық әрекетін жасауға ниетін білдірудің өзі құқық бұзушылық жасағанына айыптау үшін жеткілікті болып табылады. Егер сыбайлас жемқорлық ұсынысы қабылданған болса, онда пара алған тұлға тарапынан қандай да бір іс-қимыл жасалған ба, жоқ па, маңызды емес.

Қызметкерлер сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты ережелерді (оның ішінде ықпал ету саудасына қатысты ережелерді) сақтамаған жағдайда, Компания жауапкершілікке тартылуы мүмкін, ал Қызметкерлер жұмыстан босатуға, сондай-ақ азаматтық және қылмыстық қудалауға әкелуі мүмкін тәртіптік жазаларға тартылуы мүмкін.

Іс жүзінде

С: "Сервье" компаниялар тобының дәрілік препараттарының бірінің тіркеу куәлігін (ТК) алуға өтініш басқа елдің билігіне жаңа ғана ұсынылды. Билік органының атынан әрекет ететін тұлға дәрілік препараттың ТК тез алынуына кепілдік беру үшін заңнамаға сәйкес жүзеге асыруымыз керек төлемге қосымша тағы бір төлем жасауды ұсынады. Бұл сұрау маған жіберілді: мен қандай әрекеттер жасауым керек?

Ж: Пассивті сыбайлас жемқорлықтың көрінісі болуы мүмкін жағдай туындаған жағдайда, сіз ұсынысты қабылдамай, бұл туралы дереу тікелей басшыңызға хабарлауыңыз керек. Егер сіздің тікелей басшыңызбен жағдайды талқылағаннан кейін сізде мұндай әрекеттің заңдылығына күмәніңіз қалса, сіз өз сұрағыңызды Заң бөліміне және Комплаенс бөліміне жіберуіңіз керек, олардың қызметкерлері сізге қандай әрекеттер жасау керектігін түсінуге көмектеседі. Егер алынған ұсынымдарға қарамастан, сіздің күмәніңіз жойылмаса, сіз өз сұрағыңызбен Компаниялар тобында жұмыс істейтін ақпараттандыру жүйесіне жүгіне аласыз.



Мүдделер қақтығысының алдын алу

Мүдделер қақтығысы Қызметкердің немесе оның айналадағылардың жеке мүдделері Компанияның мүдделеріне қайшы келген кезде туындайды.

"Сервье" компаниялар тобы өз тәуелсіздігіне кепілдік береді, сондай-ақ өз Қызметкерлерінің тәуелсіздігін құрметтейді.

"Сервье" компаниялар тобында немесе оның атынан жұмыс істейтін қызметкерлер мен өзге де тұлғалар өздерінің кәсіби міндеттерін жұмыс берушінің мүддесі үшін орындауға, Компанияның немесе "Сервье" компаниялар тобының мүдделеріне қайшы келетін және/немесе "Сервье" компаниялар тобында немесе оның атынан жұмыс істейтін Қызметкерлер мен өзге де тұлғалардың шешімдері мен адалдығына әсер етуі мүмкін басқа мақсаттарды көздемеуге міндеттенеді. Атап айтқанда, біздің Қызметкерлер жеткізушілерден заттай түрде, сондай-ақ төлемдер, сыйлықтар, шақырулар түрінде немесе олардың шешімдерінің тәуелсіздігіне, бейтараптылығына және объективтілігіне әсер етуі мүмкін басқа тәсілдермен көтермелеу сияқты қандай да бір құндылықтарды қабылдамауға міндеттенеді.

Сол сияқты, мүдделер қақтығысын болдырмау үшін сіздің тікелей басшыңызға бәсекелес компаниядағы кез-келген қызығушылық туралы, оның кәсіби қызметке қатысы бар-жоғына қарамастан алдын-ала хабарлау қажет.

Мүдделер қақтығысын болдырмау үшін Қызметкерлер олардың іс-әрекеттерінің объективтілігі немесе кәсіби шешімдер қабылдау күмән тудыруы немесе дау тудыруы мүмкін жағдайларға мұқият қарауы керек.

Әрбір Қызметкер өз міндеттерін орындауға әсер етуі мүмкін мүдделер қақтығысының кез келген жағдайлары туралы хабарлайды деп күтеміз. Қызметкердің тәуелсіздігіне, бейтараптығына және объективтілігіне әсер етуі мүмкін мүдделер қақтығысының болуына күмән туындаған жағдайда, ол бұл мәселені өзінің тікелей басшысымен талқылауы немесе қалыптасқан жағдайдың қолайлылығына көз жеткізу үшін Заң бөліміне және бизнесті этикалық жүргізу бөліміне жүгінуі керек.

Әйтпесе, "Сервье" компаниялар тобына кіретін Компания қолданыстағы заңнамаға (жеке өмірді қорғау және еңбек құқығы туралы) сәйкес мүдделер қақтығысын жою үшін қажетті тиісті шараларды қабылдайды.

Мүдделер қақтығысы (әлеуетті немесе нақты) Компанияның немесе "Сервье" компаниялар тобының, сондай-ақ жанжалға тартылған Қызметкердің немесе "Сервье" тобының компанияларының бірінде жұмыс істейтін тұлғаның абыройы мен беделіне айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін.

Іс жүзінде

С: Мен "Сервье" компаниялар тобының сатып алу бөлімінде жұмыс істеймін, ал жұбайым "Сервье" компаниялар тобына өз қызметтерін ұсынуға ниетті компанияда жұмыс істейді. Осы компания ұсынған өтінім "Сервье" компаниялар тобы үшін тартымды болып табылады, және менің ағымдағы лауазымым осы өтінім бойынша шешімдер қабылдау процесіне менің ықтимал қатысуымды болжайды. Мен не істеуім керек?

Ж: Әлеуетті және нақты мүдделер қақтығысын мүмкіндігінше тезірек жариялау және сіздің тікелей басшыңызға ықтимал мүдделер қақтығысы туралы дереу ескерту әрқашан маңызды. Қалыптасқан жағдай шеңберінде, атап айтқанда, сізді осы шешімді қабылдау процесіне тікелей немесе жанама қатысудан шеттетуге қатысты шешім қабылдануы мүмкін.



Ақпарат және жылжыту

Ғылыми ақпарат және жылжыту:

Біз халықаралық және өңірлік деңгейде қолданылатын заңдарға, ережелер мен кодекстерге сәйкес этикалық нормаларға сүйене отырып ғылыми және медициналық ақпаратты ілгерілетуді, ұсынуды жүзеге асырамыз.

Ғылыми сенімділікке кепілдік беру үшін біз зерттеу қызметімізді жүргізу кезінде зияткерлік құқықтар саласындағы адалдық принциптерін сақтаймыз.

Біз ұсынатын ғылыми ақпарат және біздің өнімдерімізді жылжыту дәл, объективті, өлшенген және сенімді ақпарат арқылы үнемі өзектендіріліп отырады. Мұндай ақпарат түсінікті, толық болуы керек және біздің препараттарды дұрыс қолдануға ықпал етуі керек.

Қызметкерлерге және өзге де тұлғаларға берілетін ақпарат:

"Сервье" компаниялар тобында немесе оның атынан жұмыс істейтін қызметкерлер мен өзге де тұлғалар Компанияның немесе "Сервье" компаниялар тобының абыройы мен беделі үшін ықтимал теріс салдарларды ескере отырып, әлеуметтік желілерді жауапкершілікпен пайдалануы тиіс. Компанияға немесе "Сервье" компаниялар тобына қатысты байланыс арналары арқылы келіп түсетін немесе оның атынан жіберілетін барлық хабарламалар қолданылатын ішкі ережелерге сәйкес болуы тиіс.

Құпия ақпарат:

Компанияға немесе "Сервье" компаниялар тобына қатысты немесе оның қызметкерлеріне, "Сервье" тобы компанияларының бірінде жұмыс істейтін адамдарға немесе үшінші тарапқа тиесілі құпия немесе сезімтал сипаттағы ақпарат ол көпшілікке қолжетімді болғанға дейін қорғалуы тиіс.

Ғылыми, коммерциялық, техникалық немесе басқа ақпарат болсын, кез-келген түрдегі құпия ақпараттың құндылығы оны қорғау керек дегенді білдіреді. Бұл оның таралуын реттеуге және серіктестер алдындағы құпиялылық міндеттемелерімізді бұза отырып, ақпараттың кез келген байқаусызда жария етілуінің немесе ашылуының алдын алуға мүмкіндік береді.

Қолайсыз құбылыстар туралы хабарламалар:

Біздің барлық Қызметкерлеріміз және "Сервье" тобының компанияларының бірінде жұмыс істейтін тұлғалар фармакологиялық қадағалау бөліміне біздің кез келген препаратты қолдану кезінде пайда болған оған белгілі болған кез келген жағымсыз құбылыстар туралы Компанияның және "Сервье" компаниялар тобының пациенттер үшін өз препараттарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерін орындау үшін хабарлауға міндеттенеді.

Іс жүзінде

С: "Сервье" компаниялар тобына қатысы жоқ тұлға Twitter-де біздің рецепт бойынша берілетін дәрілік препараттарымыздың бірі туралы мақтап пікірін айтты. Осы препарат бойынша менеджер бола отырып, мен түсініктемені қолдаймын және оны компанияның Twitter akkaунтын қолдана отырып, біздің препараттың тиімділігі туралы ақпаратты қосу арқылы көпшілікке жауап беру үшін пайдаланғым келеді. Бұл мүмкін бе?

Ж: Рецепт бойынша берілетін препараттарға және оларды жылжытуға қатысты хабарламалар қатаң түрде реттеледі. Бұл жағдайда бұл твит жалпы жұртшылық үшін заңсыз жарнама ретінде қабылдануы мүмкін. Әлеуметтік желіде Компания жауап беруі керек қандай да бір түсініктеме қалдырмас бұрын, Заң бөліміне және Комплаенсбөліміне хабарласу керек.

Бәсекелестік ережелерін сақтау

Біз бәсекеге қабілетті нарықты және адал бәсекелестікке кедергі келтіретін кез келген әрекетке қарсы тұрамыз.

Біз жұмыс істейтін барлық елдерде қолданылатын бәсекелестік ережелерін сақтаймыз және біздің барлық Қызметкерлеріміз, "Сервье" Тобы компанияларының бірінде жұмыс істейтін тұлғалар және серіктестер де оларды қатаң түрде сақтайды деп күтеміз. Бәсекелестік ережелерін сақтамау айыппұлдарға, әлеуетті елеулі шығындарға және Компанияны немесе "Сервье" компаниялар тобын, сондай-ақ кез келген тартылған тұлғаларды қылмыстық қудалауға әкелуі мүмкін.

Құқық бұзушылықтар біздің бәсекелестерімізбен келісімдер ("көлденең" келісімдер, әдетте "картельдер" деп аталады) немесе жеткізушілерімізбен және клиенттерімізбен келісімдер жасау ("тік" келісімдер) арқылы жасалуы мүмкін.

Бәсекелеспен ақпаратпен, әсіресе Компанияның немесе "Сервье" компаниялар тобының баға белгілеу саясаты, тендерлер, дәрілік препараттардың нарықта таралуы туралы мәліметтермен, сондай-ақ стратегиялық маңызды немесе қаржылық құпия ақпаратпен алмасуға тыйым салынады.

Іс жүзінде

С: Менің досым "Сервье" компаниялар тобымен бәсекелес компанияда, менікіне ұқсас лауазымды атқарады. Мен оның компаниясы мен "Сервье" компаниялар тобы дәрілік препараттарды ауруханаға жеткізуге арналған тендерге қатысуға ниетті екенін білдім. Мен онымен тендер өткізу процесін талқылай аламын ба?

Ж: Сіз өзіңіздің досыңызбен осы тендерлік процесті талқылаудан аулақ болуыңыз керек. "Сервье" компаниялар тобының бәсекелес компаниясымен баға саясатына байланысты мәселелерді талқылау кезінде аса сақ болу керек. Егер сізде қолданыстағы монополияға қарсы заңнамаға қатысты сұрақтарыңыз болса, сіз Заң бөліміне және Комлаенс бөліміне жүгіне аласыз.

Дербес деректерді қорғау

Дербес деректер тікелей немесе жанама түрде анықталған немесе анықталатынын жеке тұлғаға арналған ақпаратты білдіреді.

Біз өз қызметкерлеріміздің, "Сервье" тобының компанияларының бірінде немесе олардың атынан жұмыс істейтін тұлғалардың (қызмет жеткізушілерді, уақытша қызметкерлер мен тағылымдамадан өтушілерді қоса алғанда) және біз өзара іс-қимыл жасайтын кез келген үшінші тұлғалардың (пациенттердің, денсаулық сақтау мамандарының және іскерлік серіктестердің) жеке өмірін құрметтеуге тырысамыз.


Қолданыстағы заңдар мен ережелерге сәйкес бізде бар құпия және дербес деректердің құпиялылығы мен қауіпсіздігін қорғауға міндеттенеміз. Өңгіме жүріп тұрған жеке тұлғалар өздерінің дербес деректерін жинау, пайдалану және сақтау процесін бақылауға құқылы. Біз бұл деректерді белгілі бір және заңды мақсатта пайдалануымыз керек, оны тек олар жиналған өңдеу мақсаттары үшін қажетті мерзімде және қолданыстағы заңнамаға сәйкес сақтауымыз керек.

2018 жылғы мамырдан бастап қолданыстағы деректерді қорғау жөніндегі Еуропалық Регламенттің талаптарын сақтау мақсатында "Сервье" компаниялар тобы ЕО-дан тыс жерде орналасқан "Сервье" тобының басқа еншілес компаниясының еуропалық еншілес компанияларынан деректерді кез келген беруге қатысты қолданылатын міндетті ішкі ережелерді қабылдауды шешті.

Іс жүзінде

С: "Сервье" компаниялар тобында жұмыс істемейтін отбасымның мүшесі кәсіби қызметте пайдалану үшін әріптестерімнің бірінің электрондық пошта мекенжайын бөлісуімді сұрады. Мен мұны істей аламын ба?

Ж: Электрондық пошта мекенжайы дербес деректерді білдіреді. Кез-келген деректерді жібермес бұрын, сіз осы деректерді қорғау туралы мәселені ойлануыңыз керек. Қалай болғанда да, сіз оның дербес деректерін жібермес бұрын осы тұлғаның келісімін алуыңыз керек.



Біздің серіктестермен қарым-қатынас

Біз іскерлік серіктестерімізге қатысты кәсіби және этикалық талаптарға сай әрекет етуге, сондай-ақ кәсіби және коммерциялық өзара іс-қимыл шеңберінде өз міндеттерімізді адал орындауға тырысамыз.

Біз этикалық және кәсіби стандарттардың бірдей деңгейін сақтайтын және кәсіби қатынастарға қолданылатын ережелер, кодекстер мен шарттардың талаптарын орындайтын серіктестермен ғана жұмыс істегенді жөн көреміз. Біз серіктестердің адалдығына, құқықтық қабілеттілігіне және келісімшарттық міндеттемелерді орындау қабілетіне көз жеткізу үшін алдын-ала талдау жасаймыз.

Серіктеспен қарым-қатынаста проблема туындаған жағдайда "Сервье" компаниялар тобының мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін тиісті шаралар қолданылады.

Іс жүзінде

С: Мен жақын арада болатын іс-шараны ұйымдастыруға жауаптымын. Жобаны іске асырудың белгіленген мерзімдерін ескере отырып, мен жұмыс жылдамдығымен танымал жаңа агенттіктің қызметтерін пайдаланғым келеді. Мен бірден жаңа агенттікпен шарт жасай аламын ба?
және көзделген әкімшілік рәсімдер.

Ж: Жаңа серіктеспен қарым-қатынасқа түспес бұрын, оны тексеру керек

Мемлекеттік органдармен қарым-қатынас

Біз қолданыстағы заңнаманы басшылыққа ала отырып, адалдық, тәуелсіздік және ашықтық қағидаттарын сақтай отырып, мемлекеттік және реттеуші органдармен өзара іс-қимыл жасаймыз. Осы қағидаттардың сақталуына кедергі жасау "Сервье" компаниялар тобын елеулі айыппұл санкцияларына қауіп төндіреді.

Біз қолданыстағы заңнамаға сәйкес талап етілетін ақпаратты өтініштер, рұқсат алуға сұраулар немесе есептер түрінде беруге міндеттенеміз.

Тексеру барысында біз мемлекеттік органдармен ынтымақтасамыз және сұраныс бойынша жан-жақты және шынайы ақпарат береміз.

Іс жүзінде

С: Әкімшілік тергеу шеңберінде біздің объектілерде тексеру жүргізіледі. Заңды талаптарға толық сәйкес келмейтін ақпаратты беруден аулақ болуым керек пе?

Ж: Жоқ. Мемлекеттік органдармен ынтымақтасып, барлық сұратылған құжаттарды ұсыну қажет. Кез келген деректерді әдейі жасыруға, өзгертуге немесе жоюға болмайды.



Халықаралық санкциялар мен эмбарголарды сақтау

Кейбір халықаралық операциялар БҰҰ немесе белгілі бір мемлекеттер енгізген халықаралық санкциялар шарттарына сәйкес реттелуі немесе тыйым салынуы мүмкін, атап айтқанда белгілі бір тауарларды кейбір елдерден/елдерге импорттауға/экспорттауға шектеу немесе тыйым салуға немесе белгілі бір тізімдерде (атап айтқанда, АҚШ немесе ЕО құрған) белгілі бір жеке немесе заңды тұлғалардың болуына қатысты болуы мүмкін.

Біз осындай халықаралық ережелер қолданылатын мәмілелер жасалғанға дейін ішкі бақылауды жүзеге асырамыз.

Біз халықаралық санкциялар мен эмбарго шараларының немесе басқа да шектеу шараларының, соның ішінде біздің атымыздан әрекет ете алатын тұлғаларға қатысты сақталуын қадағалаймыз.

Біз өз қызметкерлерімізден және компаниялардың бірінде немесе "Сервье" тобының атынан жұмыс істейтін тұлғалардан кез келген жағдайда осы ережелерді сақтауды талап етеміз.

Іс жүзінде

С: Мен сәлемдемені шетелге жіберу үшін қажетті құжаттарды дайындауым керек.
Бұл жөнелтімді ұйымдастырған кезде қандай принциптерді ескеруім керек?

Ж: Тауарларды жөнелтуді жоспарлап отырған барлық қызметкерлер осындай жүктерді жөнелту үшін толық және нақты ақпарат беруге жауапты. Сіз белгілі бір сәлемдемелерді белгілі бір елдерге жіберуге салынған шектеулер мен тыйымдардың бар екенін білуіңіз керек.

Қаржылық сенімділік

Біз өз қызметіміздің шынайы және шындыққа сәйкес бейнесін жасау мақсатында толық, шынайы, дәл және тиісті қаржылық ақпаратты сақтауға, ұсынуға және беруге міндеттенеміз.

Біздің қаржылық операцияларымыз және тауарлардың қозғалысы біздің есептерімізде сенімді түрде көрінеді. Біз бухгалтерлік есеп, салық салу және банк қызметі саласындағы барлық міндеттемелерімізді бақылаудың ең жоғары деңгейін қолдана отырып және қолданыстағы нормаларды қатаң сақтай отырып орындаймыз.

Біз ашықтық қағидаттарына қатысты ережелерге сәйкес ақпаратты ашу бойынша міндеттемелерді орындаймыз.

Біз қызметкерлерімізден заңсыз жымқыру фактілерін жасыруға немесе сондай сияқты қабылдауға әкелетін кез келген әрекеттен немесе әрекетсіздіктен аулақ болуды талап етеміз.

Кез келген ойдан шығарылған немесе жалған операцияларды тіркеуге немесе жүзеге асыруға тыйым салынады.

Іс жүзінде

С: Өткен айда мен жұмыс бабымен бірнеше іссапар жасадым. Сол себептен менде тұрған қонақүйлерден көптеген шығыс түбіртектері жиналды. Үнемі іссапарға барып жүретін әріптестерімнің бірі маған тиесілі өтемақы мөлшерін көбейту үшін жалған құжаттарды соңғы шотыма қосуға кеңес берді. Оның айтуынша, мұны ешкім байқамайды. Бұған рұқсат етілген бе?

Ж: Жоқ. Шығыс түбіртектерін қолдан жасауға қатаң тыйым салынады және қызметкерді тәртіптік жауапкершілікке тарту қаупіне ұшыратады.



Бұзушылық туралы хабарлау жүйесі

"Сервье" компаниялар тобы компания ішіндегі оң диалогты ынталандырады. Сындарлы диалог құру үшін біз қызметкерлерден кез келген туындаған алаңдаушылық туралы тікелей басшыларына хабарлауды немесе олар туралы кез келген басқа ішкі байланыс арналары арқылы хабарлауды сұраймыз.

Сондай-ақ, қызметкерлер этика мәселелері бойынша Компанияда және "Сервье" компаниялар тобында жұмыс істеп тұрған "жедел желіні" пайдалана отырып, этикалық сипаттағы кез келген проблемаларға қатысты өз алаңдаушылықтарын мына сілтеме бойынша хабарлай алады: <https://app.whispli.fr/Servier-Ethics-Line>

Компания және "Сервье" компаниялар тобы қызметкерлерге алдымен тікелей басшысына хабарласуды немесе әдеттегі ішкі байланыс арналарын пайдалануды ұсынады.

Компанияда және Сервье компаниялар тобында сақталатын құндылықтарға, қағидаттарға немесе нормалар мен заңдарға қайшы келуі мүмкін бұзушылықты немесе фактіні бейтарап және адал түрде ашатын немесе көрсететін немесе өзі білетін қоғамдық мүдделерге қауіп төндіретін немесе елеулі зиян келтіретін кез келген қызметкер ақпарат беруші деп танылады.

Бұзушылықтар туралы хабарламалар Қызметкер орналасқан елде қолданылатын этика мәселелері бойынша "жедел желі" жұмысын реттейтін рәсімге сәйкес өңделетін болады. Компания және "Сервье" компаниялар тобы қолданыстағы ережелерді басшылыққа ала отырып, құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған ақпарат берушілерді қудалаудан қорғауға міндеттенеді.

Неліктен бұл жүйе маңызды?

Бұл жүйе Компания мен "Сервье" компаниялар тобы барлық деңгейлерде барлық қолданылатын ережелерді, стандарттарды және өзінің құндылықтарын сақтауға мұқият қарайтынына сенімділік береді. Компанияда және "Сервье" компаниялар тобында сақталатын құндылықтарға, қағидаттарға немесе ережелерге қайшы келуі мүмкін фактілер туралы хабарлайтын қызметкерлер тек оның және оның қызметкерлерінің мүдделері үшін әрекет етеді.

Егер мен адал және риясыз әрекет етсем, сондай-ақ ықтимал бұзушылық туралы ақпаратқа ие болсам, ақпараттандыру арқылы мен Компанияға және "Сервье" компаниялар тобына көмектесе аламын:

- тәуекел дәрежесі жоғары деп санайтын әрекеттерді табуға және анықтауға
- тәуекел дәрежесі жоғары әрекеттердің алдын алуға
- Компанияның және "Сервье" компаниялар тобының тиісті міндеттемелерін бұзушылықтарды жоюға;
- салауатты және толыққанды жұмыс ортасын қолдауға; Компанияның ұзақ
- мерзімді мүдделері мен тұрақтылығын қорғауға.



Servier
50 rue Carnot - 92284 Suresnes cedex - France www.servier.com

Қараша 2020
Нұсқасы 2.0

